

№ S00037 17.02.2024 ж

«КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ

МАХАН ГҮЛШАТ НӘБИҚЫЗЫ

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,

Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі
Пәні:	қазақ әдебиеті
Бөлім:	Таза, мінсіз асыл сөз
Педагогтің аты-жөні:	Махан Гүлшат
Күні:	
Сынып:	5
Сабақтың тақырыбы:	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5.1.1.1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау.
Сабақтың мақсаты	Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысымды тексеру. Үй тапсырмасы: «Керқұла атты Кендебай» ертегісін оқып	Оқушылар сабақты бастамас бұрын сыныпты жағымды ахуалға келтіреді. Балалар бір –	Мұғалім бағалауы арқылы Жарайс	Оқулық, жұмыс дәптерл

5 минут Сабак тың ортасы 7 минут	келу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұралады: -Ертегі не туралы? -Ертегінің басты кейіпкері кім? -Ертегінің басты идеясы қандай? Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийі таныстырылады. 1-тапсырма. «Жорға сұрақ» әдісі.  1.Ертегі неліктен «Керкұла атты Кендебай» деп аталады? 2.«Ол мейлінше қайырымды болып, жылағанды жұбатып жатсынуды білмепті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты...» Кендебайға сипаттама беріңдер. Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-alemi/kerkhula-atti-kendebay/ Ертегі сюжетінен мысал	біріне тілек білдіуі арқылы көңіл күй сыйлайды. Оқушылар жорға сұраққа бір ауыз сөзбен тез, жылдам жауап береді Өз ойларын толық жеткізеді. Ертегі аудиосынан үзінді тыңдайды. Оқушылар ертегі сюжетіне қатысты жауап беріп, өз ойларына мысалдар келтіре отырып, жауап	ың! Керемет ! деген сөздерде н оқушыл ардың сабаққа деген ынтасы артады Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға	ері Интерактивті тақта Қазақ әдебиеті . Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған оқулық. https://www.google.com/search?q=%D0%B%D0%B5%D1%80%D2%9B%D2%B1%D0%B%D0%B0+%D0%B0%D1%82
---	---	---	--	---

5 минут	келтіре отырып дәлел келтіріңдер. 3. Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым — Кендебай, ел мені Керкұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-alemi/kerkhula-atti-kendebay/ Кендебайдың іздеген екі «жоғы» не еді? 4.Ертегі соңы қалай аяқталады? Дескриптор: -Сұрақтарға жауап береді; -ертегі сюжетінен дәлел келтіреді. ЕББҚ (тілінде мүкісі бар) оқушы мұғалімге жақын отырғызылады. Ертегі сюжеті бойынша тест тапсырмасы беріледі. Тест тапсырмасы 1. Ертегінің «Керкұла атты Кендебай» деп аталу себебін көрсет. А) атының түсіне қарай Ә) есімін әке-шешесі солай қойған. Б) Ауылдастары солай атап кеткен.	береді	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру мадақтау	8%D1%82%D1%8B+%D0%BA%D0%B5%D0%B%D%D0%B4%D0%B5%D0%B1%D0%B8+%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%B3%D1%96%D1%81%D1%96+%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B8%D0%BE&oq=%D0%BA%D0%B5%D
---------	---	--------	---	--

	В) Қосалқы атау ретінде берілген. 2. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін...Әздеп жүрген «жоқтары» не еді? А) әкесі мен алтын кебіс Ә) батыр мен алтын кебіс Б) тұтқынға түскен әке-шешесі В) батыр мен алтын сағат 3. Кендебай қандай, сипаттама бер. Дәлелде. А) сараң.. Ә) намысқой.. Б) қайырымды.. В) өзімшіл.. 4. Ертегі соңы қалай аяқталады? А) Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істейді. Ә) Кендебай халық арманы жолында дүниеден өтеді. Б) Кендебай есімін елі мәңгілік жадында сақтапты. В) Бұл ел Керкұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты. Теориялық мәлімет	Фабула мен сюжет бойынша теориялық мәлімет еске түсіріледі.		https://erketai.kz/ertegiler-alemi/kerkhula-atti-kendebay/ https://forum.stan.kz/20866/fabula-degenimi-z-ne https://kk.wikipedia.org/wiki
--	--	--	--	--

	«Фабула» деп әдеби көркем шығармада суреттелетін оқиғаларды рет-ретімен жүйелеу, мазмұндауды айтады. Автор оларды жинақтап, бір-бірімен тоғыстырып, өзара байланыстар мен өрнектер жасап, фабула құрайды. Фабула – шығарманың негізгі оқиғасы, өзегі. Сюжет (фр. <i>sujet</i> - зат) - өзара жалғасқан <u>оқиғалардың</u> тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі - өмірлік тартыс, <u>конфликт</u>, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. https://forum.stan.kz/20866/fabula-degenimiz-ne https://kk.wikipedia.org/wiki			
10 минут	2-тапсырма. «Ой тізбегі» әдісі арқылы берілген оқиғаларды мазмұны бойына ретімен орналастырыңдар. 1. Кендебай және қойшы бала 2. Хан мен балалары 3. Кендебайдың өмірге келуі 4. Малшы Кендебай 5. Қазанғап кедей 6. Кендебайдың ерлігі Дескриптор:	Оқушылар берілген оқиғаларды мазмұны бойына ретімен орналастырады.	Мұғалім жеке оқушыл арға дескрипторға сүйеніп кері байланыс береді.	Қазақ әдебиеті
			Смайлик	5-сынып

10 минут	-ертегі сюжетін еске түсіреді; -берілген оқиғаларды мазмұны бойынша ретімен орналастырады; -ертегі оқиғаларын реті бойынша мазмұндайды. ЕББҚ (тілінде мүкісі бар) оқушы мұғалімге жақын отырғызылады. Ертегі сюжетін әңгімелеуде мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі. Қолдау сұрақтары: -Ертегі қалай басталады? -Кендебайға қойшы бала не дейді? -Кендебай неліктен баланың орнына малшы болуға келіседі?т.б. 3-тапсырма. «Ой ілмегі...» әдісі арқылы берілген ертегі үзіндісін әрі қарай жалғастырындар. 1-үзінді. Күндердің бір күнінде Қазанқаптың әйелі жүкті болады. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде, әйелі босанады. Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-	ЕББҚ (тілінде мүкісі бар) оқушы мұғалімге жақын отырғызылады. Ертегі сюжетін әңгімелеуде мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі. Қолдау сұрақтары: -Ертегі қалай басталады? -Кендебайға қойшы бала не дейді? -Кендебай неліктен баланың орнына малшы болуға келіседі?т.б.	арқылы мадақтау  <i>Оқушыл ар дескрипторды пайдаланып бір-біріне кері байланыс береді</i> <i>Мұғалім оқушыл ардың қажеттігіне қарай дескриптор арқылы кері байланыс береді.</i>	Жұмыс дәптері
---------------------	---	---	---	----------------------

	alemi/kerkhula-atti-kendebay/ 2-үзінді. Күндердің бір күнінде Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жібереді. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліп қалады. Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler- 3-үзінді. Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға келдім. Биыл төртінші жыл, елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп салып алып кетті. Мен	Оқушылар берілген ертегі үзіндісін әрі қарай жалғастырады.	
--	--	--	---

	жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым. Ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке- шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды. Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-alemi/kerkhula-atti-kendebay/ 4-үзінді. Таудың етегіне келгенде Керкұла атқа тіл бітіп сөйлейді: «Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыдан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығыңдағы алтын кебіс осы хан қызының кебісі. Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-alemi/kerkhula-atti-kendebay/ Дескриптор: -Ертегі сюжетін жалғастырады; -сюжет желісі бойынша баяндайды.			
--	---	--	--	--

	ЕББҚ (тілінде мүкісі бар) оқушы мұғалімге жақын отырғызылады. Ертегі сюжетін әңгімелеуде мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі.	ЕББҚ (тілінде мүкісі бар) оқушы мұғалімге жақын отырғызылады. Ертегі сюжетін әңгімелеуде мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі.								
Сабақтың соңы Ой толғаныс. 3 минут Кері байланыс 2 минут	«БББ» кестесін толық. <table border="1"><tr><td>Білемін</td><td>білдім</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table> Кері байланыс.«ҚҚҚ» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. Қ- құнды Қ – қызық Қ- қиын Үйге : Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасау.	Білемін	білдім	Білгім келеді				Оқушылар кестені толтыру арқылы өтілген сабақ бойынша өз білімдерін қорытындылайды Оқушылар сабақ барысында құнды болған, қызық болған, қиын болған жайттарды жылдам айтып шығады	Мұғалім оқушыларды берген жауаптарына сәйкес <u>«Жарайсың!»</u> , <u>«Жақсы!»</u> деп ауызша кері байланыс береді.	Стикерлер Жұмыс дәптері
Білемін	білдім	Білгім келеді								

16.02.2024 ж № S00016

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

БЕКМУРАТОВА ЛАЗЗАТ ШАМШИЕВНА

Қызылорда облысы Шиелі ауданы

«№157 Б.Пәрімбетов атындағы орта мектеп» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, кәсіпке даярлау үшін әр оқушыға қабілетіне сәйкес келетін білім беру қажет. Адамға ең бірінші еңбектің қажеттігін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән технология . Бір-бірімен жалғасып келе жатқан технология оқу пәнінің білім стандартындағы басты мақсат- оқушыларды белгілі бір кәсіпке бағдарлы оқыту болып табылады. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу арқылы іске асыру технологиясын жасау, оқуды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған шығармашылық үйірмелермен жұмыс жасаймын. Адам баласы туа сала емес, көре-көре жүре-жүре жетіледі.

Өзім сабақ беретін 5-11 сыныптарда оқушыларға қолөнер әрбір адамның міндетті екенін үйірме арқылы үнемі айтып отырамын. Өмір сүруіне қажетті игіліктің бәрі еңбектен табылатынын, адамдардың барлығы еңбектің нәтижесінде жақсы жетістіктерге жүргендіктерін өмірмен байланыстырып түсіндіремін. Оқудың қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімделетінін айқындай отырып әр оқушыға жеке тақырыптарды өмірмен байланыстырып бағыт-бағдар беріп отырамын. Сонда ғана оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Сонымен "сән" үйірмесінің бағыты ұлттық қолөнерге негізделген..

Жеке оқушының шығармашылық жұмысы да болашақта осы кәсіпті игерудегі айғағы. Әр оқу жылының соңында апталық өткізіп, көрме ұйымдастыру жылдық дәстүріме айналған. Ондағы себебім бәсекелестік қоғамда өмір сүруге оқушыны бейімдеу- заман талабы. А Байтұрсыновтың "Басқадан кем болмас үшін біз білімді күшті болуымыз керек" Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек деген сөзіммен ойымды түйіндесем.

Қазақ халқы талғампаз халық. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы- тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірбиесіне толы. Әр халықтың ұлт екенін дәлелдейтін үш анасы бар: сөз өнері, қол өнері, саз өнері. Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілермен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпынуда.

Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жетқан бай қазына. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып, байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі түсті ою-өрнек адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасып, сонау заманнан келе жатқан қарым- қатынасын, көңіл күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады.

Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен. Менде өзім келін боп түскен шаңырақта үлкен әжелеріміздің он саусақтарынан өнер тамған шебер екенін сөзге тиек етіп кетсем деймін. Тұрмыста тұскиізді әсемдік үшін кереге ұстаған, ал қалың киізден жасалған тұскиізді суықтан қорғану үшін пайдаланған.

Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық дегендей, ана-әжелерімізден жеткен қолөнерімізді ұрпақтан-ұрпаққа бұлжытпай жеткізу біздің ұстаздық парызымыз.

Ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғасын тапқан бабалар мұрасы тек шеберлікпен іскерлікті игеру ғана емес, адамзаттың әлемді рухани-эстетикалық татулық «заттанған» көрінісі. Халықтың рухани бәйтерегі- қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарында эстетикалық тәлім-тәрбие жатқанына көз жеткіземіз.

Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйіп, қастерлей білетін адам болып табылады. В. Белинский былай деп айтқан: «Әсемдікті сезіну- адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін..., тек осы сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да отан үшін құрбан ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады,... эстетикалық сезім жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі.» Яғни, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу-ұлттың өмірге мұқият зейін салуды талап етумен қатар балалардың, ақуал ойын, дүниетанымын дамытады. Эстетикалық сезім- адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қасиеттерінің бірі.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Жартылыстың, һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл, сұлу ай жұлдызды түн міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері... адам жанының сұлулық толқынын оятып, сезім туғызбай қоймайды.

Сұлулық сезімдері адамның сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тиылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан, баланың сұлулық тәрбиесіне жақсы ықпал жасауға тиіспіз.» деп өмірдегі, өнердегі сұлулық пен ұсқынсыздықты дұрыс қабылдауы, түсінуі мен сезінуі тиіс [1, 26 б.]. Ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғасын тапқан бабалар мұрасы тек шеберлікпен іскерлікті игеру ғана емес, адамзаттың әлемді рухани-эстетикалық татулық «заттанған» көрінісі.

Халықтың рухани бәйтерегі- қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарында эстетикалық тәлім-тәрбие жатқанына көз жеткіземіз: Біріншіден, қазақ қолданбалы өнерінің ішкі тылсым сыры ұғылады (қабылданады). Екіншіден, уақыт арқылы өткенді зерделеп бүгінгіні анықтап, болашақты бағдарлайды. Үшіншіден, кеңістік көріністері бүгінгі ұрпаққа «ата-жұрт», «ата-мекен», «елім-жерім», «туған өлке» ұғымдарын қалыптастырады. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйіп, қастерлей білетін адам болып табылады.

В. Белинский былай деп айтқан: «Әсемдікті сезіну- адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін..., тек осы сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да отан үшін құрбан ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады,... эстетикалық сезім жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі.» Эстетикалық сезім - адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қасиеттерінің бірі.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Жартылыстың, һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Ұлбіреген гүл, сұлу ай жұлдызды түн міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері... адам жанының сұлулық толқынын оятып, сезім туғызбай қоймайды. Сұлулық сезімдері адамның сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тиылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан, баланың сұлулық тәрбиесіне жақсы ықпал жасауға тиіспіз.»

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, кәсіпке даярлау үшін әр оқушыға қабілетіне сәйкес келетін білім беру қажет. Адамға ең бірінші еңбектің қажеттігін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән технология . Бір-бірімен жалғасып келе жатқан технология оқу пәнінің білім стандартындағы басты мақсат- оқушыларды белгілі бір кәсіпке бағдарлы оқыту болып табылады. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу арқылы іске асыру технологиясын жасау, оқуды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған шығармашылық үйірмелермен жұмыс жасаймын.

Адам баласы туа сала емес, көре-көре жүре-жүре жетіледі. Өзім сабақ беретін 5-11 сыныптарда оқушыларға қолөнер – әрбір адамның міндетті екенін үйірме арқылы үнемі айтып отырамын. Өмір сүруіне қажетті игіліктің бәрі еңбектен табылатынын, адамдардың барлығы еңбектің нәтижесінде жақсы жетістіктерге жүргендіктерін өмірмен байланыстырып түсіндіремін.

Оқудың қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімделетінін айқындай отырып әр оқушыға жеке тақырыптарды өмірмен байланыстырып бағыт-бағдар беріп отырамын. Сонда ғана оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Сонымен "сән" үйірмесінің бағыты ұлттық қолөнерге негізделген..

Жеке оқушының шығармашылық жұмысы да болашақта осы кәсіпті игерудегі айғағы. Әр оқу жылының соңында апталық өткізіп, көрме ұйымдастыру жылдық дәстүріме айналған. Ондағы себебім бәсекелестік қоғамда өмір сүруге оқушыны бейімдеу - заман талабы. А Байтұрсыновтың "Басқадан кем болмас үшін біз білімді күшті болуымыз керек"

Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек деген сөзіммен ойымды түйіндесем. Қазақ халқы талғампаз халық. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы-тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірбиесіне толы.

Әр халықтың ұлт екенін дәлелдейтін үш анасы бар:сөз өнері,қол өнері, саз өнері. Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілермен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпынуда.

Әдебиет: 1. Энциклопедия. - Алматы кітап, 2003

16.02.2024 ж № S00017

КҮРДЕЛІ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУҒА ДАЙЫНДАУ

КАРАБЕКОВА АДАС КАЛДАНКЫЗЫ

*Түркістан облысы Шымкент қаласы
«А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы» КММ
Логопед-дефектолог*

Бұл жұмыста күрделі сөйлеу тіл кемістігі бар балаларға психологиялық, педагогикалық сипаттама беріледі. Пайда болу себептерінің факторлары туралы мәлемет жазылды. Балаларды инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері қарастырылады. Бас миының органикалық зақымдануымен байланысты сөйлеудің ауыр бұзылуы жиі жалпы білім беретін мектепте толыққанды оқытуға кедергі жасайды. Осыған байланысты инклюзивтік білім беру жолдарын іздеу туралы мәселелер туындайды, мектепке даярлаудың жолы ұсынылады.

Қазіргі кезде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың саны жыл сайын артып келеді. Оның ішінде 70% жалпы сөйлеу бұзылыстары бар балалар (күрделі тіл кемістіктері, жалпы сөйлеу дамуының тежелуі, фонетико-фонематикалық дамымауы) Р. Е. Левина, Г. В. Гуровец, И. Т. Власиленко, Е. М. Мастюкова балаларда кездесетін күрделі сөйлеу кемістігінің психологиялық және педагогикалық процесін зерттеумен айналысты.

Авторлардың берген анықтамасы бойынша, күрделі тіл кемістіктері — бұл дамуында ауытқушылығы бар бас миының органикалық зақымдалуының салдарынан, есту арқылы қабылдауы бұзылған, психикалық үрдісінің қалыптасуына әсер ететін айтарлықтай сөйлеу ақаулары бар балалардың ерекше санаты. Күрделі тіл кемістіктері бар балалардың сөз қоры аз, физиологиялық жағынан түрлі кемістіктері болғандықтан сөйлеу қабіеттері шектеледі.

Сөйлеу тілінің ауыр бұзылуына байланысты, тілдің дыбыстық, сондай-ақ лексикалық, грамматикалық жақтарын толық қалыптаспағандығы көрінеді. Осының салдарынан осы санаттағы балалардың көпшілігінде ойлау, сөйлеу жалпылауының шектеулілігі, оқу мен жазудағы қиындықтар кездеседі.

Балаларда эмоционалды-ерік саласында да ауытқулар байқалады.

Оларға қызығушылықтың тұрақсыздығы, төмен байқаушылық, мотивация, тұйықтылық, негативизм, өзіне сенімсіздік, жоғары тітіркенгіштік, агрессивтілік, реніштік, айналасындағылармен қарым-қатынаста, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауда қиындықтар тән. Осы санаттағы балаларға алалия, афазия, тұтықпа, ринолалия және дизартрияның түрлері жатады.

Қазіргі уақытта Р.Е Левинанның жіктемесі бойынша логопедияда сөйлеу бұзылыстарының екі негізгі классификациясы бар: клиникалық-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық. Бұл классификациялар көбінесе балалардағы сөйлеудің бастапқы бұзылуына қатысты жасалған.

Клиникалық классификациясы негізінде сөйлеу жетіспеушілігінің себептері (этиологиясы) мен патологиялық көріністері зерттелінген болатын. Бұл дауыстың бұзылуы (дисфония, афония), сөйлеу қарқынының бұзылуы (брадилалия, тахилалия), дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу мен оқудың бұзылуы (дисграфия, аграфия, алексия, дислексия).

Күрделі тіл кемістіктерінің пайда болу себептері әр түрлі.

Мұндай бұзылыстардың пайда болуына ықпал ететін факторлар арасында жағымсыз ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) болып бөлінеді. Мысалы, құрсақішілік патология ұрықтың дамуының бұзылуына, атап айтқанда, сөйлеу патологиясына әкеледі: құрсақішілік гипоксия, токсикоз, ананың вирустық және эндокриндік аурулары, ұрықтың жарақаттары алкогольизм, темекі шегу, иондаушы радиация, тұрақты діріл және т. б. Әсіресе, құрсақішілік даму кезеңінде әсер ететін бірқатар қолайсыз факторлардың үйлесуі (4 аптадан 4 айға дейін жиі). Көп жағдайда күрделі тіл кемістігі бар балалар қалыпты балалардан интелектілік жағынан артта қалғандағы көрініс береді.

Мұндай кемшілік қалыпты құрдастарымен жалпы мектепте оқуына кедергі келтіреді. Сондықтан ерте жас кезеңінде арнайы мамандар жұмыс жасау негізінде баланың компенсаторлық мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана отырып түзету жұмыс жүргізілуі тиіс. Күрделі тіл кемістігі бар балалар міндетті түрде білікті логопедтің көмегін алуы қажет. Мектеп жасындағы балаларға логопедтік көмекті жалпы мектептер жанындағы арнайы пункттерде де алуға болады. Сөйлеу тілінің күрделі тіл кемістігі патологиясы бар соматикалық әлсіреген балалар психоневрологиялық санаторийлерде логопедиялық көмек алады, онда оларды 3 ай мерзімге емдеуге жібереді. Бұдан басқа, сөйлеу кемістігі бар балалар үшін арнайы мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің желісі бар.

Бұл балабақша, балабақша жанындағы арнайы топтар, арнайы балабақшалар мен мектептер жатады. Күрделі тіл мүкістігі бар балалардың дамуы жағдай әр түрлі болғандықтан қоғамда жеке тұлға болып қалыптасу мүмкіндіктері шектелуде. Осы санаттағы балалар өз деңгейіне сәйкес емес мекемелерде білім алуға мәжбүр. Алайда, осы балалардың білім мұқтаждығын қалыптастыру мақсатында инклюзиялық білім беру үрдісі қалыптастырылуда.

Қазіргі таңда барлық әлем назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Инклюзивті оқыту – ерекше мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

2002 жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы [3, 3бет.] күшіне енді, онда тек арнайы білімге ғана емес, олардың қоғамдағы орнына да басқа көзқарасты көрсететін, осы санаттағы балалардың құқығын қорғауға қағида түрінде жана — инклюзивті – тәсіл бекітілген.

Бұл заң әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаудың формалары мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталады.

Инклюзивті білім беру оқыту процессінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мекемеде мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігінде ескерген жөн. Ал бұл процессті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет.

Инклюзивті оқыту — барлық мүмкіндіктері балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, балалардың білімділік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Кемтар балаларың ата-анасы көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен сыныптарына балаларын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК–ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарлама бойынша инклюзивті оқытуға беруге міндетті.

Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер – психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофренопедагог, логопед мұғалімдері болмаған жағдайда, тәрбиешілерді, бастауыш сыныптың мұғалімдерін, қазақ тілі мұғалімдерін мүмкіндігі шектелген кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту қурыстарына оқытып алулары қажет. Ең алдымен, мектепте оқуды бастауда балалардың өздері ғана емес, сонымен қатар олардың ата-аналарының психологиялық дайындығын талап ететінін атап өткен жөн, өйткені осы санаттағы оқушылар үшін бірінші сыныпқа көшу психологиялық сипаттағы елеулі қиындықтармен ұштасады. Мысалы, күрделі тіл кемістігі бар балаларда айналасындағылармен байланыс қиын.

Алайда, бұл балалардың ой-өрісін сақтау және сөйлеуді есту қабілеті бар фактіге қарамастан, олар үшін басқа адамдармен, әсіресе құрдастарымен байланыс орнатудың үлкен күрделілігін білдіреді, оларға төмендеген психологиялық мотивация, тұйықтылық, өз мүмкіндіктеріне сенімділіктің болмауы, айқын негативизм, оның ішінде білім беру әсеріне қатысты, сондай-ақ шытырмалылық, жоғары қорлаушылық және көптеген жағдайларда басқа адамдармен, әсіресе құрдастарымен байланыс орнатудың аса күрделілігін көрсетеді. Бас миының органикалық зақымдануымен байланысты сөйлеудің күрделі бұзылуынан жалпы білім беретін мектепте толыққанды оқытуға кедергі жасайды. Осыған байланысты инклюзивтік білім беру жолдарын іздеу туралы мәселелер туындады. Инклюзиялық мектепке дейінгі мекемелердегі арнайы мамандар күрделі тіл кемістігі бар балалармен түзету жұмысының мектеп алды даярлаудың жолы ұсынылады.

Инклюзивті оқытуға дайындау нәтижелері келесі аспектілерде көрінетін баланың психологиялық дайындығымен ұсынылуы тиіс:

- Мектеп алды кезеңде күрделі тіл кемістігі бар баланы инклюзиялық оқытуға дайындауда — баланың алдында жаңа мүмкіндіктердің келешегін ашады деген сенімді қалыптастыру,
- Баланың ерік-күші мен қандай да бір шешімдерді эмоционалдық аясына қолдану,
- пайда болған қиындықтарды жеңуге тәрбиелеу,
- басқа адамдарға қамқорлық жасауға дайындығын болжайтын эмоционалдық дайындық;
- интеллектуалдық дайындық, яғни оқыту басталған сәтте балада қарапайым білімнің және қарапайым логикалық операцияларға әзірліктің болуы;
- бала салыстыра білуі, қорыта білуі, талдай білуі тиіс, ұсақ қолдың моторикасы және қимылдарды үйлестіру,

- сондай-ақ оған бағытталған сөйлеу нұсқауларын түсіну қабілеті дамуы тиіс,
- қоршаған ортамен (мысалы, педагогтармен және құрдастарымен) қарым-қатынас қызметінің қалыптасуын болжайтын әлеуметтік-психологиялық дайындық);
- сөйлеу дайындығы-бұл ең басты аспектілердің бірі болып табылады.

Алайда, осы аспектілер көлемінде инклюзиялық мектеп алды дайындық жұмысының жүйелігін құрастырып жасау міндеті әлі шешілмей келеді.

Мұның басты себебі, күрділі тіл кемістігі бар балаларды оқыту жұмысы мектепке дейінгі мекемелерде өз жүйесін тапқанмен, инклюзиялық білімге дайындау бағдарламасының құрылмауы, арнайы мамандардың жетіспеушілі, қоғамдағы ата — аналар арасындағы мүмкіндіктері шектеулі бар балаларға тең құқылы білім беруге қарсылықтары негіз болып табылады.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады.

Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей алатынымыз сөзсіз

16.02.2024 ж № S00018

ТІЛ КЕМІСТІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

СЫРМАНОВА АЙДЫН АХМЕТСАРДАРОВНА

Түркістан облысы Шымкент қаласы

«А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы» КММ

Логопед-дефектолог

Логопедия пәні сөйлеу тілінің бұзылуы және сөйлеу тілі кемістігі бар тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу үрдісі болып табылады. Логопедияның зерттеу нысаны – сөйлеу тілінің бұзылуынан зардап шеккен адам. Логопедияның негізгі мақсаты сөйлеу тілі бұзылған адамды оқытуды, тіл кемістіктерінің алдын алу жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып табылады.

Тіл кемістігі деп – сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтамыз. Қатынас теориясының көзқарасында тіл кемістігі ауызша сөйлеу қатынасының бұзылуы болып есептеледі.

Сонымен сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегіше сипатталады:

1. өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді;
2. сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді;
3. оның ерекшелігіне байланысты нақты логопедиялық ықпал жасауды талап етеді;
4. баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсерін жиі тигізеді;
5. тіл білмейтіндік-диалектизм-тіл кемістігі болып саналмайды;
6. сөйлеу тілінің психофизиологиялық механизмінің ақаулықтарымен байланысты.

Аталған ерекшеліктер тіл кемістіктерінің айырмашылығын көрсетеді. Логопедияда «сөйлеу тілінің жетілмеуі», «сөйлеу тілінің бұзылуы», «тіл кемістігі» деген ұғымдар кездеседі. Сөйлеу қабілетінің немесе сөйлеу жүйесінің құрамдарының төмен деңгейде қалыптасуы сөйлеу тілінің жетілмеуі деп саналады. Сөйлеу тілі құрамының әртүрлі бөлімдерінің сөздік қоры, грамматикалық құрылысының мөлшерден ауытқуы және тілдің негізгі функциялары – қарымқатынас, ойлау қабілеттерін атқара алмауы тіл кемістіктері деп саналады. Әрине, ол ауытқулар әрқалай және әртүрлі мөлшерде кездесуі мүмкін. Сөйлеуші кейде тек бір дыбысты бұзып айтуы немесе мүлдем айта алмауы мүмкін. Мысалы, «қарға-қааға», «қарға-қалға».

Әрине, мұндай жағдайда тіл өзінің негізгі функциясын жоғалтпайды, дегенмен кейбір жағдайда ыңғайсыздық туғызуы мүмкін.

Жеңіл тіл кемістіктері бар адамдар актер, диктор, мұғалім, т.б. мамандықтары бойынша жұмыс істеуіне бөгет келтіреді. Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зияндық факторлардың немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз.

Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері:

1. әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зиянын тигізеді, сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі токсикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар, резус-фактор бойынша қанның сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін;

2. босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттектің жетіспеуі);

3. өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар;

4. бас сүйегінің жарақаттануы;

5. тұқым қуалаушылық факторлар;

6. әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы.

Жоғарыда атап өтілген себептер өзгешеліктеріне қарай табиғи функционалды болып екі түрге бөлінуі мүмкін. Табиғи себеп – деп шеттегі немесе орталық бөлімдеріндегі тіл механизмдері анатомо-физиология құрылысының қатты бұзылуынан болатын себепті айтады.

Функционалды себептерге анатомо-физиология құрылысы әдеттегі күйінше сақталып, тек қана тіл механизмінің бұзылуы жатады.

Сонымен барлық тіл кемістіктерін, оларды туғызатын себептерге байланысты екі топқа бөлуге болады.

А) табиғи тіл кемістіктері (органикалық);

Б) функционалды тіл кемістіктері.

Табиғи тіл кемістіктері зақымды жайылтпайтындығына байланысты: а) тілінің табиғи бұзылуы орталықтан пайда болуы және б) тілдің табиғи бұзылуы шеткеріден пайда болуы деп бөлінеді.

Біріншісіне, бас ми қабығында орналасқан тіл механизмдерінің орталық тарауларының табиғи бұзылуының нәтижесінде пайда болған кемістік жатады.

Тілдің табиғи бұзылуының орталықтан пайда болуына алалия, афазия, сонымен бірге тіл мүкістіктерінің кейбір түрлері жатады.

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі – жүйелі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру (классификация) болып табылады. Оған бөгет болатын жағдайлар, біріншіден, тіл кемістіктерінің көптеген түрлерінің кездесуі және олардың таза, нағыз күйінде кездеспей, күрделі түрде кездесуі.

Осының бәрі тіл кемістіктерін ғылым жүзінде дәлелдеп, топтастыруды қиындатады. Бұның қиындығы сонда, егер тіл кемістігінің бір түрі бірнеше себептердің салдарынан болса, керісінше бір себептің салдарынан тіл кемістігінің бірнеше түрі пайда болуы мүмкін.

Мысалы, дыбыс шығару кемшілігі шеттегі сөйлеу мүшелерінің дұрыс жұмыс істемеуінен, немесе есту қабілетінің бұзылуынан, жоғарғы дәрежедегі акустикалық талдау мен жинақтау функцияларының жетілмеуінен т.б. себептерінің әсерінен болуы мүмкін.

Көп жылдар бойы логопедияда тіл кемістіктерін клиникалық негізде топтастыру кең орын алып келеді (М.Е.Хватцев, Ф.А.Рау, О.В.Правдина, С.С.Ляпидевский, Б.М.Гриншин, т.б.). Клиникалық топтастыру тіл кемістіктерінің себептері мен белгілерінің негізінде жасалған.

Бұл классификация бойынша сөйлеудің түріне байланысты ауызша және жазбаша тіл кемістіктері болып екі топқа бөлінеді.

Ауызша сөйлеу кемістіктерінің екі түрі болады:

- 1) тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы;
- 2) сөйлеу тілінің

құрылымдарын іштей жинақтап, мәнді түрде ауызша жеткізу қабілетінің бұзылуы немесе сөйлеу тілінің толық жетілмеуі. Тіл кемістіктері жеке түрде немесе басқа тіл кемістіктерімен қисындасып, тіркесіп кездесуі мүмкін.

Соған байланысты олар логопедияда белгілі терминдермен белгіленеді. Дислалия – есту қабілеті мен сөйлеу мүшелерінің инвервациясы дұрыс сақталғанда кездесетін тіл дыбыстарының бұзылып айтылуы.

Синонимдері: тіл мүкістігі, тіл дыбыстарын айту кемістігі, фонетикалық кемістік. Ринолалия – сөйлеу мүшелерінің анатомиялық-функционалдық кемістіктерінің салдарынан дауыс әуезділігінің (тембрінің), тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы. Синонимдері: мұрнынан сөйлеуіпалатолалия.

Дизартрия – жүйке тамырларының сөйлеу мүшелерінің жұмысын толық қамтамасыз ете алмауына байланысты сөйлеу қабілетінің бұзылуы. Дизартрияның ауыр түрі анартрия деп аталады.

Ондай жағдайда адам дыбыс айту мүмкіншілігінен айырылады.

Тұтықпа – сөйлеу мүшелерінің бұлшықеттерінің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуы. Синонимдері: логоневроз.

Тұтықпа органикалық немесе функционалды болып келеді, көбінесе ол баланың тілінің жедел даму кезеңінде пайда болады.

Брацилалия – сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс баяулауы. Синоним: брадифезия. Сөйлеу жылдамдығы баяулағанда сөз босаң, бірқалыпты, созыңқы шығады. Сөйлеу жеделдеген кезде сөз шапшаң, екпінді шығады да, сөйлем құрастырғанда қателер кездеседі.

Кейбір жағдайда мұндай ауытқулар жеке тіл кемістіктері деп есептеліп, мынандай терминдермен аталады: баттаризм, парафазия.

Шапшаң сөйлеген кезде өздігінен кідіріп, мүдіріп, тоқтап қалу – полтерн деген терминмен белгіленеді. Дисфония – (афония) – дауыс шығару мүшелерінің қалыптан тыс өзгеру себептерінен дыбыс шығару қабілетінің бұзылуы немесе мүлдем айта алмауы. Синонимдері: дауыстың бұзылуы, вокальдың бұзылуы.

Бұл кемістіктің әртүрлі белгілері болады, фоноцияның мүлдем болмауы (афония) немесе дауыс күшінің, тембрінің, биіктігінің бұзылуы (дисфония), дауыстың шаршағыштығының, оның қырылдап, сырылдап бәсең шығуы (фоностения).

Алалия – бас ми қабығындағы тіл аймақтарының (зоначының) жастайынан зақымданудың әсерінен баланың сөйлеу тілінің жетілмеуі немесе мүлдем дамымауы. Синонимдері: дисфазия, балалар афазиясы, даму афазиясы, мылқау.

Афазия – бұл сөйлеу тілінің толық немесе жартылай жойылуы.

Сөйлеу тілінің жойылуы, жоғалуы. Ми қорабының жарақаттануы, нейроинфекция, мидағы ісіктің салдарынан адам сөйлеу қабілетінен айырылады. Егер де мұндай бұзылу үш жасқа дейінгі кезеңде байқалса, зерттеушілер афазия диагнозын қоюға асықпайды.

Жазбаша тілінің бұзылуы.

Бұзылу түріне байланысты екі топқа бөлінеді:

1. Дислексия – оқу процесінің жартылай бұзылуы.
2. Дисграфия – жазу процесінің жартылай бұзылуы.

Оқу барысында жазу процесі мүлдем қалыптаспаған, оны аграфия деп айтады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Логопедия бойынша арнаулы курс» Г.С.Дербісалова Алматы 2011ж
2. «Тілашар Логопедия» №1(40)2017 ж

МАЗМҰНЫ

- **МАХАН ГҮЛШАТ НӘБИҚЫЗЫ**
- **БЕКМУРАТОВА ЛАЗЗАТ ШАМШИЕВНА**
- **КАРАБЕКОВА АДАС КАЛДАНКЫЗЫ**
- **СЫРМАНОВА АЙДЫН АХМЕТСАРДАРОВНА**